

PAPER DETAILS

TITLE: ????????? ??????? ?????? ?????????????????? ?????????????????????? ?????? ??????

AUTHORS: Nurgül BAHYTBEK, Tölepbergen TOKJANOV

PAGES: 93-102

ORIGINAL PDF URL: <https://dergipark.org.tr/tr/download/article-file/2299800>

**ҚЫЗЫЛҚҰМ КҮЙШІСІ
АҚБАЛА
ЖАНГАБЫЛҰЛЫНЫҢ
ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ
АРНАУ КҮЙЛЕР**

Түйіндеме

Нұргұл БАХЫТБЕК Домбыра күйлерінің туындауы – әр өнірдің табиғатына, өмір сүру салтына, күйшідомбырашының орындаушылығына тән болып келеді және осымен байланысты домбыра күйлерінің өнірлік ерекшелігі айқындалады. Осы орайда анда-санда айтылып, оқта-текте жазылып жүрген Қызылқұмның күйшілік дәстүріне аз-кем тоқталсақ. Қазақ совет энциклопедиясында Қызылқұм шөлі – Әмудария мен Сырдария аралығындағы құмды алқап. Оның үштен бір аумағынан астамы Қазақстанда. Солтүстік батысы Арал теңізіне дейін, оңтүстік-шығысы Өзбекстандағы Зеравшан аңғары мен Нұратая тауларына ұласады деген Қызылқұмның қазіргі Қазақ еліне тиесілі бөлігінің көпшілігі Қызылорда облысында екені белгілі. Ертеректе бұл аймақты Сыр бойы деп атаған. Сыр бойындағы жырау-жыршылық пен күйшілік дәстүр "Қыр мен Сырға", яғни Қызылқұм мен Сырдария бойына тегіс тарап дамыған. Құмның қазағы, Сырдың қазағы деп, өзіміз бөліп тастайтынымыз болмаса, әншілік пен күйшілік дәстүрде көзге көрініп, құлакқа ұратындағайырмашылық жоққа тән. Әр өнерпаздың

ULUSLARARASI TÜRK
DÜNYASI ARAŞTIRMA-
LARI DERGİSİ
INTERNATIONAL
JOURNAL OF TURKISH
WORLD STUDIES
CILT 5 / SAYI 2 / NİSAN
2022

Sorumlu Yazar
Corresponding Author

Nurgül BAHYTBEK
Tölebergen
TOKJANOV

Қазақ ұлттық қыздар
педагогикалық
университеті,
nurgul.bahytbek@mail.
ru

Вак Доц. Проф.,
Құрманғазы атындағы
Қазақ ұлттық
консерваториясы,
torakhmet@list.ru

Gönderim Tarihi

Received
09.03.2022

Kabul Tarihi

Accepted
12.04.2022

Atif

BAHYTBEK, Nurgül,
TOKJANOV,
Tölebergen
(2022). “Қызылқұм
күйшісі Ақбала
Жангабылұлының
шығармашылығындағы
арнау күйлер”,
*Uluslararası Türk
Dünyası Araştırmaları
Dergisi*, (5/2), 93-102.

ARAŞTIRMA MAKALESİ
RESEARCH ARTICLE

өзіне ғана тән орындаушылық ерекшелігі болса да, жалпы Сыр бойының дәстүрі деп аталады.

Тірек Сөздер: Шардара, Қызылқұм, Қызылқұм, Түркістан, Қайыпназар, тобықты, шаңкобыз, коштасу.

KUİİ DEDİCATİON İN THE WORKS OF THE KYZYLKUM CUSHY AKBALA ZHANGABYLULY

Abstract


The occurrence of dombyra kui is characteristic of the nature of each region, the way of life, the performance of a kuishi – dombyra player, and in this regard, the regional specifics of dombyra kuiies are determined. In this regard, we will talk a little about the kuishi traditions of Kyzylkum, which are sometimes mentioned and written in the there. In the Kazakh Soviet Encyclopedia, the Kyzylkum located between the Amu-Darya and the Syr Darya. More than a third of them are located in Kazakhstan. The north-west reaches the Aral Sea, the south-east reaches the Zeravshan Valley and the Nuratau mountains in Uzbekistan [1]. As you know, most of the part of Kyzylkum that belongs to the modern Kazakh country is located in the Kyzylorda region. In ancient times, this area was called the Syr boiy. The tradition of zhyrau-zhyrshy and kuishi "kyr and Syrga", that is, along the Kyzylkum and Syr Darya, has developed a smooth side. In the traditions of singing and kuishi, there is no difference between the Kazakh of sand and the Kazakh of cheese, if we do not separate ourselves. "I don't know," I said. This is a common tradition, although each performer has its own unique performance characteristics.

Key Words: Shardara, Kyzylkum, Zhetsais, Turkestan, Kayypnazar, tobykty, shankobyz, farewell.

Кіріспе

Ақбала Жанғабылұлының өмірнамасымен алғаш А.Сейдімбектің "Қазақтың күй өнері" монографиясынан таныстырылған. Одан соң И.Жақановтың радиохабары, 2009 жылы 16 қыркүйекте эфирге шықкан Сәрсенғали Жұзбайдың "Нар идірген" музикалық радиохабары, Саян Ақмолданың бірнеше телехабары, А.Нұрсұлтановның мақаласы мен 2016 жылы шығарған "Ақбала мен Шағдардың күйлері" DVD, өкінішке орай мұның бері бірін-бірі қайталаған ақпараттар. Күйші Ақбаланың күйлері бүгінгі күнге Шағдар Ақылбековтың орындаудында жеткені жасырын емес.

Ақбала Жанғабылұлы 1884 жылы Шардараның аргы жағындағы Қызылқұм өнірінде туған. Ақбаланың ағасы



Қалдарбек Қуандық әжі, болыс болған. Ақбала жастайынан еркे болып, қолына домбыра ұстап, күйші бала атанған. Женгелері "аппақ бала" деп Ақбала атап кеткен. 10-12 жасында елге танылған күйші болған. Елдің бір тыныш уақытында үкіні тағып, қара жорғаны мініп, ел аралап, күй тартқан. Кешегі «улкен жылан» жылына дейін (1917 жыл) қазактар жақсы өмір сүрген. Сол кездері өзінен үлкен

күйшілерден күй үйреніп, күй тартысқан. Әлшекей мен Еспанды көрген, өзінен кейін Қалдарбек, Қайыпназар ақындар Ақбаланың қүйлерін қолынан үйреніп тартқан. Жалпы Ақбаланың көптеген шәкірттері соғысқа кетіп, еліне оралмаған.

Шағдар, Ақбаланың қарындастынан туған жиені. Ақбала ақ-сары келген, әдемі, дөңгелек жүзді, көздері алақандай ғана кісі болатын деп еске алады Ш.Ақылбеков. "Өмірінің сонында ауырып, біздің үйде болды. Қара үйде (киіз үй) тұрамыз. Ақбала шалқасынан жатып, күйлерді бірінен соң бірін тартатын. Біз, күйге құмар бірнеше бала Ақбаланың қолын көру үшін шаныраққа шығып, қарап отыратын едік. Мениң алты жасымда Ақбала қайтыс болып кетті. Маған домбыра жасап берді. Өзі он саусағынан өнері тамған кісі еді. Домбыра, қобыз, шаңқобыздарды өзі жасайтын және сол аспаптарды домбырамен қатар еркін тартатын. Шаңқобызы, қобызы аспаптарын қарындастары мен әпкелері де тартқан. Шаңқобызды қарындастына, қобызды әпкесіне тартқызып, өзі домбырамен қосылып, ән-күйлер тартатын. Қазіргі ансамбль ғой. Ақбала кешегі соғыс жылдарына дейін қобызды домбырамен қатар тартып жүрген, шаңқобызын да тастамаған. Өйткені қобыз өнері "Құмда" (Қызылқұм) өте жақсы дамыған. Соғыстан кейінгі жылдары ғана қобыз өнері тоқтаған. Өзі еңсесі түскен елді

жылата бермеу үшін, бір жағы кеңес үкіметінің де қобызға шүйліккені бар ғой".

Материалдар мен әдістер

Қазақтың күй өнері есте жоқ ескі замандарда қалыптасқанымен, оның зерттелуі, нотаға тұсуі, кәсіби түрде дамуы академик Ахмет Жұбановтың есімімен тығыз байланысты. Күйлерді жинап, нотаға тұсіріп, жік-жікке бөліп жүйелеп, күй мектептерін классификациялаған да А.Жұбанов болатын. Күні бүгінге дейін А.Жұбанов салған сара жолды шәкірттері жалғастырып келеді. Х.Тастанов, Т.Мерғалиев, М.Әубекіров, А.Жайымов, А.Тоқтаған т.б. көптеген өнертанушылар, филологтар, оның ішінде қазақтың күй өнеріне үлкен үлес қосқан А.Сейдімбекті, С.Медеубекті атауға болады. Ал, Б.Аманов, Ә.Мұхамбетова, Б.Қарақұлов, С.Өтегалиевалар күй өнерінің зерттелуін жаңа биікке көтергендер деп, тұжырымдауымызға болады.

Нәтижелер мен талқылау

Ақбаланың арғы аталары қай заманда екені белгісіз, Түркістанға келген. Негізі Семейлік Арғын, оның ішінде Тобықты. Әке-аталарының Қалдарбек, Жандарбек т.б. барлығы әнші, күйші болған.

Ақбала Жанғабылұлының туған жері Оңтүстік Қазақстан облысының Жетісай ауданына қарасты Қараөзек ауылы. "Ақбаланың күйлері жоғалып кетер еді мен болмағанда. Ақбаланың несібесіне мен бармын. Ауыл ішінде домбыра ұстап, Ақбаланың күйлерін тартады дегенниң бәрін жағалап шықтым. Ол кісінің соңында шоқырақтаған күйлері ғана қалды, әр жер-әр жері ғана. Яғни бір буынын бір кісі, тағы бір күйінің сағасын басқа біреу Ақбаланың күйі деп тартты. Әйтеуір, Ақбаланың тартқан толық күйі қалмай қойды. 1960 жылдардан бастап мен (Шағдар) Ақбаланың күйлерін жетілдіріп, реткекелтіріп жүргін дейді, Ш.Ақылбеков (Нұрсұлтанова, 2011: 35).

Ақбала күйшінің күй тартудағы ерекшелігі, домбыраның дыбысын қобыз сияқты зарландырып

шығаратын болған. Оң қолдың қағып жатқаны білінбейтін, тек әдемі дыбыстар естілетін. Ән тартса да, күй тартса да бәрінде де сыңсыған дыбыс. Ақбаланың домбырасы жеті пернелі еді. "Осы жеті пернеден неше түрлі дыбыс шығатын еді. Біз де көзіміз көрген Ақбалаға барынша ұқсаяға тырысып, домбыраның бетіне мүмкіндігінше қолымызды тигізбей, тақтайды тасырлатпай, жұмсақ тарттық (Тоқжанов, 2020:29)".

Ақбала күйлерінің көбісі көңілді, желдірме болып келеді. Оның себебі Ақбала болыстың інісі. Тамақтың тәттісін, киімнің жақсысын, тұлпарды таңдал мінген Ақбала, ауыл-ауылға барып, күй тартып жүрген. Қай ауылға барса да жұрт кілемін ала ұмтылады. Жан-жағының бәрі қыз-келіншек. Ойын-сауық, ән-күй. Қай ауылда болмасын, қай отырыста болмасын Ақбала шабыттанып, күй шығарып жүрген. Сондықтан Ақбала күйшіде арнау күйлер өте көп, солардың бір нешеүін мысал ретінде келтіре кетейік.

1. Қазаққа ғана тән сал-серілік дәстүрді ұстанған, әнші-күйші жігіттермен бірге еріп жүріп ән салып, күй тартқан қазақтың ару қызы Аянкештің өнеріне риза болған Ақбала "Аянкеш" деп күй тартқан.

2. Ақбаламен замандас Ұлмекен деген күйші өткен еken ілгеріде. Байдың қызы, ақылына көркі сай, домбыраны керемет тартатын Ұлмекеннің сұлулығы мен сән-салтанаты талай жігіттің жүрегіне шоқ болып түсіп, от болып лаулаған. Ақбалада Ұлмекенге арнап күй шығарған. Бұл күйінде тек ризалық көніл ғана емес, шынайы ғашықтық оты сезіледі.

3. Сұлулығына ақылы сай Айжан сұлуға тең келер күйші болмапты. Әйткенмен, Айжан сұлу өзінің ұнатқан теңіне қосыла алмай, жарқырап күліп, жадырап жүре алмай жүреді еken. Сұлуға жаны ашыған Ақбала күйші «Айжан қыздың жүрісі-ай!» деп күй шығарып, қыздың көнілін көтерсе керек.

4. Ақбала күйші Сыр бойының дәүлескери Әлшекеймен жиі кездескен. Әлшекейдің «Терісқақпайын» тындал, өзінің де "Терісқақпайын" Әлшекейге арнаған.

Мінеки, Ақбаланың өмірі де сұлу, күйлері де көрікті болғанға ұқсайды. Молшылықта, тоқшылықта өмір сүрген

күйшінің күйлері сұлу қыз-келіншектердің жүріс-тұрысына дейін күйге салған.

Қазақтың күй өнерінде мұндай құбылыстар Ақбалаға дейінде орын алған. Мәселен; Дәулеткереидің "Женгем сүйер", "Көркем ханым", "Қос алқа", "Ақжелен" деген күйлері көп болған, ал Тәттімбеттің "Сылқылдақ" т.б. қыз-келіншектерге арналған күйлері бар.

1924 жылы «Қызыл отау» ұйымы құрылған. Ақбала осы «Қызыл отаға» мүше болып, өнерлі жастарды жинап, ойын-сауық үйірмесін басқарған. Қазақта ән-күйлерімен қатар би де болған. Осы биге арнап шығарған Ақбаланың күйіне қыздар билеген».

Міне, бұл Шағдар ақсақалдың өз әңгімесі. Өзі көзі көрген, туған нағашысы Ақбала күйші жайында білетіндерін айтқан. Бұған күмәндануға болmas. Алайда 2002 жылы жарық көрген белгілі ғалым, А.Сейдімбектің "Қазақтың күй өнері" монографиясына назар салсақ, Ақбала күнін зорға көріп жүрген, тақыр кедей болғанға ұқсайды. "...тұрмыс тауқыметі қаншалықты шырмаса да, Ақбаланың күйшілік талабына ата-анасы тосқауыл болмайды" немесе "Ақбала Баратбек деген байға жалданып, малын бағады (Сейдімбек, 2002:671)" деп жазған.

Күйші Ақбала өмірінің бізге беймәлім тұстары көп-ақ. Ал күйлері жөнінде жоғарыда өз ойымызды жаздық. Демек, алда үлкен еңбекпен, зерделі зерттеулердің күтіп тұрғаны айқын.

Ақбаланың шәкірттерінің көп болғанын жиені Шағдар да, ғалым А.Сейдімбек те жазады. Шағдардың айтуына қарағанда Қайыпназар, Рахат, Асыл, Шағдар, Қалдарбек, Әбдіраман, Елемес, Нұржамал, Садық, Қалыбек т.б. сынды соғысқа кетіп оралмағандардың ішінде Ақбала күйлерін жақсы орындаған күйшілер көп болыпты. Өкінішке қарай, Шағдардан өзге домбырашының «мынау Ақбаланың күйі еді» деп тартқан басы бүтін күйді естігеніміз жоқ.

Корытынды

Тарихта «Қызылдар қырғыны» болып таңбаланған 1928 жылдар шамасы қазақ даласын да айналып өтпеген. Бұрынғы кеңестер одағында ең көп қиянат көрген қазақтар

екені бүгінгі күні жасырын емес. Міне, осындай «халық жауы», «бай-болыстың ұрпағы», «қожа-молда» деген желеумен, атып, асып, қудалап, түрмеге тоғыту өнер адамдарын да айналып өтпеген. Өмірінің ең қызық уақытын сал-серлікпен, қыз-келіншектерге күй арнаумен өткізген Ақбала, жасы ұлғайғанда елінен көшуге мәжбүр болады. 1932 жылы Әлшекей күйші қартайған шағында туған жерінен Тәжікстанға (Нұрымбетов, 2005:7), Шал Мырза Қарақалпақстанға (Токжан, 2002:175), ал Ақбала Өзбекстанға көшеді. Қартайған шақтарында туған жерден көшу кім-кімге де оңай тимегені анық, дегенмен осы уақиғаға байланысты көптеген күйлер дүниеге келген. Мәселен, "Қоштасу" деген күйлер жоғарыда аталған күйшілердің барлығында бар және бұл күй тек елімен қоштасарда шыққаны белгілі.

Өмірінің соңында елден көшіп, уайым шеккен Ақбала айықпас дерте тап болады. 1944 өмірден озған Ақбаланы Жизақтағы үлкен қорымға қояды.

Ақбаланың Әлшекейге арнаған "Терісқақпай" күйі.

Терісқақпай

Сыр бойында, заманында саусағынан күй тамған, жалпы қазаққа танымал болған Әлшекей күйші өткен. Әлшекейдің ел аралап күй тартып жүргенін көріп, Ақбала оның бірнеше күйлерін үйреніп қалады. Ақбаладан едәуір жас үлкендігі бар Әлшекей Ақбалаға арнайы домбыра үйретпегенімен күйшілік өнеріне үлкен әсер етеді. "Әлшекей "Терісқақпайды" осылай тартып отырушы" еді деп, өзінің "Терісқақпайын" Әлшекейге арнау ретінде

тартқан

екен.

Жылдам

The musical score consists of two staves of piano music. The first staff begins with a treble clef, a key signature of one sharp (F#), and a 6/8 time signature. It features eighth-note patterns and includes dynamic markings 'mf' and 'pf'. The second staff begins with a bass clef, a key signature of one sharp (F#), and a 6/8 time signature. Both staves conclude with measure endings.

Кызылжұм күйшісі Ақбала Жанғабылұлының шығармашылығындағы арнау күйлер

A musical score for 'Kyzylzhum' by Aqbaala Janqabuly. The score consists of eight staves of music for a single instrument, likely a bowed instrument like a cello or double bass. The music is written in common time with a key signature of one sharp (F#). The notation includes various note heads (crotchets, quavers, semiquavers), rests, and dynamic markings such as 'f' (fortissimo) and 'p' (pianissimo). The score features complex rhythmic patterns and harmonic structures, typical of traditional Kazakh folk music.

ӘДЕБИЕТТЕР

- Нұрсұлтанова А. (2011) "Ақбала мен Шағдар күйші" Шағдардың орындаудындағы күйлер DVD Астана
- Токжанов Т. (2020) Қызылқұм сарыны. Оқу құралы. Алматы.
- Сейдімбек А. (2002) Қазақтың күй өнері. Монография. - Астана.
- Нұрымбетов Е. (2005) Сыр сүлейі - Әлшекей. Алматы.
- Токжан Т. (2002) Сырлы сарын. Алматы.